

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫСЫ ТАУ БӨКТЕРІ АЙМАҒЫНДА МАЙКЕНЕ
ДАҚЫЛЫНЫҢ ӨСПІ-ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ӨНІМДІЛІГІ

Алпысбаева Қ., Сайкенов Б. Р.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Қазақстанның ауыл шаруашылығы өндірісін келешекте дамытудың нақты жоспарларында жер көлемін тиімді пайдалану және дақылдың өнімділігін арттыру негізгі міндеттердің бірі болып отыр. Осы міндеттерді орындаудың кайнар көзі - майлы дақылдар өндірісін қарқынды және жан-жақты алға бастыру. Бұл іс-шаралардың жүзеге асуы мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін және өсімдік шаруашылығын диверсификациясын қамтамасыз етуге пайдасын тигізетіні анық.

Республикада өсірілетін майлы дақылдардың май шығымы 24-60% аралығында және ол топырақ-климат, агротехника, сорт ерекшеліктері мен басқа жағдайларға байланысты өзгереді. Алынатын өсімдік майы химиялық құрамына, биологиялық қасиеттеріне және тауарлық сапасына қарай әр түрлі мақсаттарда пайдаланылады. Қазақстанның оңтүстік-шығысында күнбағыс пен мақсарығы балама немесе азық-түлік қауіпсіздігі мақсатында сақтық диверсификациялық майлы дақылдардың бірі майкене болуы керек. Майкене бағалы техникалық дақыл.

Майкененің отаны тропикалық Африка, нақтылай айтсақ, Эфиопия болып табылады. Майкенені ежелден Африка елдерінде мәденилендіріп, кейіннен сол жақтан Азия, Америка, Еуропаға тараған. Әлемдік тұқым өндіру орталығы-Индия. Сондай-ақ, Солтүстік Кавказда, Орталық Азияда, Украинада өсіріледі. Дақылдың атауы латынша "Ricinus"- кене деген сөзден шыққан, себебі бұл дақыл тұқымының формасы шығыстық кене формасына ұқсас. Майкене "Ricinus"- сүттіген тұқымдасының монотипті түріне жатады.

Тұқымынан май алу үшін егістіктерде кеңінен өсіріліп жүрген түршелері: персидтік, сангвинеус немесе қан-қызыл, занзибарлық және қытайлық. Отанында, яғни солтүстік шығыс Африкада майкене бұта немесе биіктігі 10 метрге дейін жететін ағаш болып келеді. Ал басқа да тропикалық, субтропикалық елдерде 2-3 жылдық немесе біржылдық дақыл ретінде өсіріледі. ТМД-да таралған түршелері: персидтік, сангвинеус және будандар.

Майкене тұқымы құрамында 40-50% ға дейін кеппейтін шыны май болады. Мұның өзі, негізінен 80-85% глицеридке қаныққан рицинол қышқылынан тұрады. Сонымен қатар май құрамында стеарин, олейн, линол, диоксистеарин, және глицерин қышқылы болады. Сондай-ақ майкене тұқымы құрамында 14-17% белоктық заттар, 0,1-10% алколоидтар, 10-12% азотсыз заттар, 18-19% клетчатка және белок сипатты улы зат рицинин болады. Тұқым ядросында, яғни эндоспермінде 64-71% май, ал қазіргі жаңа сорттар құрамында 73-74% май болады.

Майкене дақылы тұқымынан алынған кастор майы көптеген өндіріс салаларына өте пайдалы шикізат және жақшы құрал болып табылады. Майкене күнжарасы өте жақсы тыңайтқыш, ал осы күнжараны өткір бумен залалсыздандырып, малға азық ретінде беруге болады. Сабак талшықтарынан арқан, кенеп мата дайындалады.

2009-жылы Қазақстанның оңтүстік-шығысы тау бөктері аймағында майкене дақылымен тәжірибе жүргізілді. Егістік тәжірибелер Қазақ ұлттық аграрлық университетінің «Агроуниверситет» оқу тәжірибе стансасы байтағында қойылды. Станса Алматы облысының Еңбекші қазақ ауданының солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан.

Аймақта көпжылдық орташа есеппен жылына 350-600 мм, тәжірибе жүргізілген аймақта 2009-жылы вегетация кезінде, яғни сәуір-қыркүйек айларында 400-402 мм жауын-шашын түсті. Тәжірибе танабының топырағы - шалғындық қоңыр топырақ. Оның механикалық құрамы - құмдауыт-саздақты. Жыртылмалы қабатындағы қара шірік мөлшері 4,1%. Ыза суының тереңдігі 200-210 см, дәмі-тұщы.

Тәжірибе жүргізу барысында майкене дақылының өсіп даму кезінде мынадай ерекшеліктерді көруге болады: майкене өсімдігінің өсу және даму кезеңдерінде себу мерзіміне байланысты

топырақтың 0-10см тереңдігі 10-12°C температураға жылынғанда, яғни екінші себу мерзімінде өскіндер 30-шы күні, ал топырақ қабаты 14-16°C және 18-20°C температураға жылынғанда, яғни үшінші және төртінші себу мерзімінде өскіндер 22-ші күні пайда болды. Топырақ температурасы 6-8°C кезінде, яғни бірінші себу мерзімінде өскіндер бермеді. Өскіндердің пайда болуынан төменгі гүл шоқтарының толық пісуі 114-139 күн аралығында өтті. (1-кесте).

1-кесте. Майкененің негізгі өсу және даму фазаларына себу мерзімдерінің әсері (2009 ж).

1-кесте. Майкөненің негізгі өсу және даму фазаларының орташа мерзімдері (күн)										
Р /	Себу мерзімі			Вегетация фазасы						
			Күн тізбе лік күн дер	өскін дер	Қос жапы рақ тың пайда болуы	5-6 нағыз жапы рақ	Гүлшоғ ы ның пайда болуы	Гүл деу	Төменгі гүлшок тарын дағы тұқым ның пісуі	Вегет а ция кезеңі нің ұзақт ығы күн
	Топы рақтың 0-10см қабатын дағы темпера турасы	6-8°C	20.04	өскіндер бермеді						
		10-12°C	26.04	27.05.	3.06.	13.06.	17.07.	12.08	14.09	139
		14-16°C	02.05	29.05.	5.06.	15.06.	20.07.	15.08	19.09	117
		18-20°C	08.05	01.06.	12.06.	22.06.	23.07.	20.08	22.09	114

2009-шы жылы қойылған тәжірибе кезінде алынған мәліметтерге қарағанда майкене дақылын топырақтың 0-10см қабатындағы температурасы 6-8°C жылынғанда себу қолайсыз екенін көруге болады. Ал топырақтың 0-10см қабаты 10-12°C қа жылынған сайын өскіндердің, қосжапырақтың және нағыз жапырақтардың, гүлшоқтарының пайда болуы және гүлдеуі де ертерек болды.

Барлық мерзімдерді бір тәсілмен және мөлшермен себілгеніне қарамастан әрбір өсімдіктегі қорапша және ондағы тұқым сандары себілу мерзімдеріне қарай өзгерістерге ұшырады. Жалпы әр варианттардағы әрбір өсімдіктердегі қорапша саны 39,4-76,1 дана аралығында ауытқыды, ал сәуір айының 26-29-шы жұлдыздарында себілген майкененің қорапша саны басқаларына қарағанда 23,8-36,7 данаға артық болды. Бұл варианттағы әрбір қорапшадағы тұқым саны да 11,4-110,1 данаға көп болды. Бірақ 1000 дән салмағы бойынша аздаған өзгешеліктер байқалды, яғни аталған мерзімде себілген дақылдардың 1000 дән салмағы 404,8гр болса, бұл көрсеткіш басқа варианттардан 1,4-2,6 гр жеңіл болды.

2-кесте. Себу мерзіміне байланысты майкененің биологиялық өнімділігі (2009жыл).

/	Себу мерзімі		Бір өсімдіктегі қорапша саны					1 өсімдіктегі тұқым саны, дана	1000 дән салмағы	Биологиялық өнімділік, ц/га	Бір өсімдік тегі дән салмағы, г
			Негізгі бұта	1	2	3	Барлығы				
	0-10см топырақ қабатын дағы температура	6-8°C 20.04	өнім бермеді								
		10-12°C 26.04	21,7	22,5	15,0	15,9	76,1	228,3	404,8	19,3	180,2
		14-16°C 02.05	20,9	10,1	10,7	10,6	52,3	216,9	406,2	15,3	96,59
		18-20°C 08.05	17,2	7,0	7,0	8,2	39,4	118,2	407,4	11,7	48,15

Ескерту: себу 70X70см нобайы бойынша себілген.

Тәжірибе жүргізілген 2009 жылы майкененің ең жоғарғы өнімділігін дақылды сәуір айының үшінші онкүндігі 26-29-шы жұлдыздары аралығында сепкенде 19,3 ц/га өнім қалыптастырды. Оңтайлы мерзімнен кеш себу өнімділікті 4-7,6 центнерге төмендетеді.

Алматы облысы тау бөктері аймағында 2009 жылы майкене дақылдың жемістері біркелкі піспеді. Негізгі сабақтағы жемістерді қыркүйек айында жинауға мүмкіндік туса, ал бірінші қатардағы бұтақтар жемістерін қазан айында жинадық.

Майкене дақыл республикада алғаш рет өсірілуде. Бір жылдық деректерге сүйене отырып, төмендегідей тұжырым жасауға болады: Алматы облысының тау бөктері аймағында майкенені өсіріп, сапалы және жоғары өнім алуға толық мүмкіндік бар.

Біздің климат жағдайымызда майкенені сәуір айының 28-29-шы жұлдыздарында, яғни топырақтың 0-10 см қабатының температурасы 10-12°C қа жылынғанда себу тиімді.

1. Мошкин В.А. Клещевина – Москва, «Колос», 1980, 35с.

2. Максимова А.Я. Клещевина и ее возделывание в Сталинградской области- Сталинград, 1938.

3. Данилова И.М. Каждый год с высоким урожаем. Масличные культуры, №6, 1982, с 29-30.

В условиях Алматинской области сроки посева оказали существенное влияние на урожайность клещевины. Наибольшая урожайность 19,3 ц/га получена при посеве во второй срок при прогревании почвы на глубине 0-10 см до 10-12°C. На данном варианте опыта сформирована наилучшие показатели элементов структуры урожая- было образовано наибольшее количество коробочек-76,1 на одно растение, семян -228,3 и масса 1000 семян составила - 404,8г.

In conditions of Almaty area terms of crop have rendered essential influence on productivity risinus. The greatest productivity of 19,3 μ/hectares is received at crop in the second term at warming up of ground on depth 0-10 cm up to 10-12°C. On the given variant of experience it is generated the best parameters of elements of structure the crops-was the greatest quantity of boxes-76,1 on one plant is formed, seeds-228,3 and the weight of 1000 seeds has made - 404,8g.

УДК 338.436.37

ОСОБЕННОСТИ ГОСУДАРСТВЕННОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ В АГРАРНОМ ПРОИЗВОДСТВЕ

Аймен А.Т., Мухамеджанов С.А.

Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати

Аграрное производство становится одной из ведущих сфер экономики, с учетом значимости снабжения продовольствием, а также в силу того, что все основные продукты питания производятся в процессе его деятельности. Поэтому необходимы постоянные исследования комплексного прогнозирования, что позволит обосновать роль и значение различных инструментов государственного регулирования (налоги, субсидии, кредиты, капитальные вложения, квоты и т.д.). Очень важно сопоставить масштабы их применения с расходами и доходами государственного бюджета, объемом валовой продукции сельского хозяйства, доходами сельскохозяйственных товаропроизводителей и т.д.

На основе таких показателей, позволяющих конкретно судить о масштабах использования различных инструментов регулирования, сдвигах в распределении доходов между отраслями и различными типами сельскохозяйственных предприятий, воздействии осуществляемых мер на инициативу сельскохозяйственных товаропроизводителей, изменения в сбыте продукции, обеспеченности средствами производства, облегчается оценка степени государственной поддержки сельского хозяйства.

Основными направлениями развития сельскохозяйственного производства следует считать:

- создание законодательно-правовой базы нормативных документов, предусматривающих оздоровление экономической ситуации на селе;